

Азаматтарды 2011 жылдың сәуір - маусым және қазан - желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2011 жылғы 16 наурыздағы N 37/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 25 наурызда N 3184 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 53/2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2012.03.26 N 53/2 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңы 19-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір - маусым және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 1163 Жарлығының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір - маусым және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 1163 Жарлығын іске асыру туралы" N 250 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" N 623 қаулысына сәйкес Павлодар облысында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымшылдықпен өткізу мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысының азаматтарын 2011 жылдың сәуір - маусым және қазан - желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымшылдықпен өткізу қамтамасыз етілсін.

2. Облыс денсаулық сақтау басқармасы азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдердің өтінімдеріне сәйкес медициналық комиссиялардың құрамында жұмыс істеу үшін әскери-дәрігерлік сараптамада тәжірибесі бар тиісті санаттағы медицина қызметкерлерінің қажетті санын бөлсін.

3. Облыс ішкі істер департаментіне (келісім бойынша):

ішкі істер органдарында есепте тұрған және бас бостандығынан айырылмай айыпталған азаматтардың тізімдерін шақыру комиссияларына уақытында беру;
әскерге шақырылған азаматтарды әскерге аттандыратын кезеңде облыстық жиналу пункті мен теміржол сапаржайында полиция жасақтарының кезекшілігін ұйымдастыру ұсынылсын.

4. Қалалар мен аудандар әкімдері: шақырылғандарды медициналық тексеру және шақыру комиссияларының жұмысы үшін қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдердің бастықтарына жабдықталған үй-жайлар берсін, өтінімдерге сәйкес көлікпен, сондай-ақ тиісті санаттағы медициналық қызметкерлердің және техникалық қызметкерлердің қажетті санымен қамтамасыз етсін;
азаматтарды әскерге шақыру және аттандыру кезінде әскерге шақыру пункттерінде жұмысқа тартылатын шақыру комиссиялары мүшелерінің, медициналық персонал мен техникалық қызметкерлердің жұмыс орындарының, атқаратын қызметтері мен орташа еңбекақыларының сақталуын қамтамасыз етсін;

запасқа шығарылған әскери қызметшілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдессін.

5. Павлодар облысы әкімдігінің 2010 жылғы 19 сәуірдегі "Азаматтарды 2010 жылдың сәуір - маусым және қазан - желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 103/7 қаулысының күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3162 болып тіркелді, 2010 жылғы 22 сәуірдегі N 43 "Сарыарқа самалы", 2010 жылғы 24 сәуірдегі N 44 "Звезда Прииртышья" газеттерінде жарияланды).

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы А.Д. Әбдіқалықовқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Б. Сағынтаев

Келісілді:

департаментінің бастығы

Облыс ішкі істер

А. Оразалиев

бастығы

Облыс қорғаныс істері жөніндегі департаментінің

А. Алдажаров